

«Ғарыштық техника және технологиялар институты» ЖШС
Бақылау кеңесінің шешімімен
2024 жылғы «23» сәуірдегі
№2 хаттамасымен
«Бекітілген»

**«Ғарыштық техника және технологиялар институты»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты**

I. Жалпы ережелер

1. Бұл Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес әзірленді және «Ғарыштық техника және технологиялар институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде (бұдан әрі - Институт) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, анықтау, жолын кесу және оның салдарын азайту бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің мақсаттары мен міндеттерін, қағидалары мен тәртібін, бағыттарын айқындайтын негізгі құжат болып табылады.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеудің мақсаты Институт қызметінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған нұсқамалар жүйесін белгілеу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың міндеттері:

1) Институт қызметкерлерінің лауазымдық міндеттерін жүзеге асыруы барысында құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлқын және жауапкершілігін қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық көріністерін және олардың теріс салдарын уақтылы анықтау және болдырмау;

3) Институт қызметінің тиімділігін арттыру.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың қағидалары:

1) заңдылық;

2) транспаренттілік;

3) әдептілік;

4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;

5) мүдделер қақтығысына жол бермеу және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындау себептері мен жағдайларын жою.

4. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты қолдану және орындауға жауапкершілік:

1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Қазақстан Республикасының заңнамасында және Институттың Жарғысында көзделген қызметтерді жүзеге асыру барысында Институттың қызметінде қолданылады;

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың талаптары Институттың барлық қызметкерлерімен орындалуы міндетті;

3) Институттың әрбір қызметкері сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылығының ауырлығы мен салдарын біледі және осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың қолданылуы мен орындалуына жеке жауапты;

4) Институттың әрбір қызметкері Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын сақтауға міндетті және заңды білмеу жеке жауапкершіліктен босатпайды.

II. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын іске асыру

5. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Институт қызметін жүзеге асыру және оның қызметкерлерінің шешім қабылдауы кезінде туындайтын, белгіленген ережелерді мүлтіксіз сақтауға және сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністерінің алдын алуға міндетті қоғамдық қатынастарды реттейді.

6. Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде, Институт қызметкерлері міндетті:

1) Қазақстан Республикасы Конституциясының нормалары мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы», «Ғылым туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңдарының, Еңбек кодексінің, Институттың Іскерлік этика кодексінің және өзге де нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарын сақтай отырып, заңдылық қағидатын басшылыққа алуға міндетті;

2) мемлекет мүдделеріне залал келтіретін және жеке мен заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруына кедергі тудыратын, сонымен қатар, Институттың жұмыс істеу тиімділігін төмендететін және беделіне нұқсан келтіретін әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеуге;

3) мүдделер қақтығысының, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен құқық бұзушылықтың туындау себептері мен жағдайларын және олардың салдарын жою бойынша тұрақты негізде жан-жақты шаралар қабылдауға, шешімдердің ашықтығын қамтамасыз етуге;

4) жеке және заңды тұлғаларға қатысты қызметтік жағдайды теріс пайдалана отырып және пайдакүнемдік мақсатта (сонымен қатар, жасырын түрде) жеке бас мүддесін қолдау, бюрократия мен көпке созушылық, дөрекілік пен біржақтылық көріністеріне жол бермеуге;

5) заманауи қоғамның сұраныстарына толықтай икемделе отырып, тұрақты негізде Институт қызметінің сапасы мен тиімділігін арттыру бойынша шаралар қабылдап, жоғары кәсіби жұмыс үшін барлық күш-жігерін жұмсауға, қойылған

міндеттерді шешудің оңтайлы, үнемді, құзыретті және ұтымды тәсілдерін қолдануға міндетті.

7. Өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау барысында, тәуекелдерді ішкі бақылау мен басқарудың тиімді жүйесін қамтамасыз ету мақсатында Институт қызметкерлері міндетті:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының талаптарын сақтауға;

2) корпоративтік этика қағидаларын сақтауға, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, рухани-интеллектуалдық әлеуетті дамытуға және нығайтуға ықпал етуге, өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыру бойынша ұдайы жұмыс жүргізуге;

3) мүдделер қақтығысы мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу бойынша алдын алу шараларын жүргізуге, ал олар туындаған жағдайда оларды заңнамаға сәйкес жою бойынша жан-жақты шаралар қолдануға;

4) әртүрлі тәуекелдерді (стратегиялық, операциялық, қаржылық, комплаенс тәуекелдер және т.б.) жою мақсатында жұмыскерлердің өзара міндеттерін тиісті түрде үлестіру;

5) лауазымды тұлғаның құзыретіне кіретін және қызметтік міндеттерін орындауға байланысты шешімдер қабылдау кезінде, ешқандай материалдық және материалдық емес игіліктер, қызметтер мен өзге де артықшылықтарды қабылдамауға, өзге тұлғаларды сыбайлас жемқорлықпен байланысты құқық бұзушылықтарға итермелеуден бас тартуға;

6) өз өкілеттігін құзыреті мен құқықтары, сондай-ақ қызметтік міндеттері аясында ғана жүзеге асыруға;

7) еңбек тәртібін мүлтіксіз сақтауға және жұмыс уақытын ұтымды пайдаланып, берілген ресурстарды тиімді қолданып, өзінің лауазымдық міндеттерін адал, бейтарапты және сапалы атқаруға;

8) қызметтік ақпараттың, материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз ету құралдарының тиісті түрде сақталуын қамтамасыз етуге, Институттың меншігін ұтымды, тиімді және тек қызметтік мақсаттарда пайдалануға;

9) сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұру мен оның қандай да бір белгілеріне төзімсіздікпен қарау қағидаттарын ұстануға, Институттың өзге қызметкерлері мен мемлекеттік қызметшілер тарапынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілерінің жолын кесуге;

10) күмәнді және заңсыз шешімдер мен өкімдер туралы тікелей басшыға дереу жазбаша түрде хабарлауға;

11) егер тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысымен байланысты болса, жоғары тұрған басшылыққа жүгінуге;

12) қызметкерлер мен әріптестер тарапынан өз лауазымдық міндеттерін атқаруы барысында жеке пайдакүнемдік және мүдделер қақтығысы туындағаны туралы, сыбайлас жемқорлыққа тартып, сыйлықтар (қызметтер, жеңілдіктер,

игіліктер мен артықшылықтар) ұсыну, алу фактілері туралы дереу тікелей басшыға хабарлауға;

13) өзіне белгілі болған сыбайлас жемқорлықпен байланысты құқық бұзушылық жағдайлары туралы Институт басшылығына дереу хабарлауға;

14) құрылымдық бөлімшенің әрбір басшысы қолданыстағы заңнамаға сәйкес өз қызметкерлерінің шешімдері мен іс-әрекеттері үшін жауапты.

8. Ішкі нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын дайындау барысында, Институт қызметкерлері міндетті:

1) нормативтік және нормативтік емес ішкі құқықтық актілерді әзірлеу барысында «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарының, Еңбек кодексінің және т. б. нормаларын қатаң басшылыққа алуға;

2) өзіне немесе үшінші тұлғалардың мүддесі үшін пайда көру мақсатында, нормативтік және нормативтік емес ішкі құқықтық актілерді қабылдауға жол бермеуге міндетті.

9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарына сәйкес, Институт қызметкерлері өздерінің қызметтік өкілеттіктерін жеке және өзге де қызметтік емес мүдделерде теріс пайдалануға жол бермеу мақсатында, өзіне келесі шектеулерді, тыйымдар мен міндеттерді қабылдайды:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында және осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартта белгіленген шектеулерді сақтауға міндетті;

2) мүліктік және мүліктік емес пайда, игіліктер мен артықшылықтар, қызметтер, жеңілдіктер және т. б. алу үшін өзінің лауазымдық өкілеттіктерін және онымен байланысты мүмкіндіктерін пайдаланбауға;

3) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе иемдену мақсатында, таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбауға;

4) бұл үшін заңда тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық көзделген теріс қылықтар мен құқық бұзушылықтарға жол бермеуге;

5) лауазымдық өкілеттіктерін атқаруына байланысты жеке және заңды тұлғалардан сыйлықтар (қызметтер, жеңілдіктер, игіліктер мен артықшылықтар) қабылдамауға; лауазымдық өкілеттіктерін атқаруына байланысты әріптестеріне, басшыларына және өзге де лауазымды тұлғаларға (оның ішінде мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларына) сыйлықтар (қызметтер, жеңілдіктер, игіліктер мен артықшылықтар) бермеуге;

б) жеке және заңды тұлғалардың мүдделеріне артықшылық бермеуге немесе лоббизм жасамауға, сол сияқты олардың атынан іс-әрекеттер жасауға, лауазымдық міндеттерін атқару кезінде олардың ықпалынан тәуелсіз болуға;

7) серіктестерге, әріптестер мен қарамағындағы қызметкерлерге қатысты негізсіз айыптаулар, дәрекілік пен әдепсіздік көрсетуге, адамның қадір-қасиетін қорлауға, теріс мінез-құлыққа жол бермеуге;

8) кадрларды іріктеу және жинақтау мәселелерінде мүдделер қақтығысына жол бермеуге (жақын туыстық қатынастарда тұратын тұлғалардың, ата-аналары, жұбайлары, бауырлары, балалары, жекжат және т. б.);

9) өз өкілеттіктерін орындау барысында, жеке және заңды тұлғаларға пайда көрумен байланысты кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыруға жәрдем көрсетуден бас тартуға;

10) әріптестеріне және басшыларына өзара қарым-қатынастардың белгіленген тәртібін бұзатын, олардың әділ қызметтік шешім қабылдауына ықпал етуіне заңсыз өтініштермен жүгінуден бас тартуға;

11) жеке мәселелерді шешу үшін мемлекеттік органдар мен мемлекеттік қызметшілердің, ұйымдар мен өзге де тұлғалардың қызметіне ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын теріс пайдаланбауға.

III. Сыйлықтар

10. Институт қызметкерлері осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартта көзделген шектеулерді ескере отырып, іскерлік сыйлықтарды (жарнамалық, имидждік сипаттағы) қабылдауға/беруге құқылы:

1) семинарлар, презентациялар және өзге де іскерлік/ корпоративтік іс-шараларды өткізуге байланысты;

2) Институттың немесе өзге заңды тұлғаның презентацияға арналған құттықтау хаттары, құрмет белгілері, грамоталары немесе кәдесый өнімдері;

3) Институт өткізетін іс-шараларға қатысқаны үшін, сонымен қатар, қызметтегі белсенділігі мен жетістіктері үшін алынған сыйлықтар;

4) өзге жағдайларда қызметкерлерге өз қызметтік өкілеттіктерін орындау кезінде сыйлықтар немесе ақшалай сыйақылар қабылдауға/беруге тыйым салынады;

5) мұндай жағдайлар туындаса, Институт басшылығы мен комплаенс-офицерге дереу хабарлауға міндетті.

IV. Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды жүргізу

11. Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде:

1) сатып алу үшін пайдаланылатын ақшалай қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсауға;

2) сатып алу рәсіміне қатысушыларға тең мүмкіндіктер бере отырып, олардың арасында адал бәсекелестікті қолдауға;

- 3) тапсырыс беруші мен жеткізуші арасында сыбайлас жемқорлық көріністеріне және мүдделер қақтығысына жол бермеуге;
- 4) сатып алу рәсімінің ашықтығы мен адалдығына ықпал етуге;
- 5) сатып алуды ұйымдастыру және серіктесті таңдау туралы шешім қабылдауға құқығы бар тұлғаның жеке байланыстарын (жақын туыстары, жұбайы, балалары және т. б.) өткізілетін сатып алу рәсіміне қатысуға жібермеуге;
- 6) әлеуетті серіктес және/немесе оның қосалқы мердігері (бірлесіп орындаушы) ретінде атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізілген, сонымен қатар, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіміне енгізілген сенімсіз серіктестердің қатысуына жол бермеуге міндетті.

V. Инвестициялық тәуекелдер

12. Сыртқы және ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындау ықтималдығы Институт қызметінің тиімділігіне, инвестициялық әлеуетіне, беделіне нұқсан келтіру мүмкіндігін ескере отырып, қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мен осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт талаптарын мүлтіксіз орындауын қамтамасыз ету қажет, сыбайлас жемқорлық пен өзге де тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін құру қажет, тәуекелдердің пайда болу тетіктерін барынша болдырмау шараларын қабылдау қажет.

VI. Кадрларды іріктеу, орналастыру және басқару

13. Кадрларды іріктеу, жинақтау және басқару кезінде, құрылымдық бөлімшелердің басшылары:

- 1) Қазақстан Республикасы Заңдарының, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы, Еңбек кодексі, Институттың Іскерлік этика кодексінің нормаларын қатаң басшылыққа алуға;
- 2) туыстық, жерлестік және жеке берілгендік белгілері бойынша кадрларды іріктеу және жинақтауға жол бермеуге, непотизмге қарсы тұруға, меритократия қағидаларының сақталуын қамтамасыз етуге;
- 3) Институтқа жұмысқа қабылдау барысында, қызметкерге қойылатын қызметтік міндеттерді, тыйымдар мен шектеулерді түсіндіруге міндетті;
- 4) қызметкерлердің дербес деректері туралы мәліметтерді негізсіз беруге жол бермеуге;
- 5) қызметкерлердің міндеттері мен жұмыс көлемін нақты және түсінікті айқындауға;
- 6) қызметкерлер арасында еңбек жүктемесінің біркелкі бөлінбеуіне жол бермеуге;

7) орындалуы екіталай немесе лауазымдық міндеттерінен тыс, сонымен қатар, заңға қайшы келетін өкімдер бермеуге;

8) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша түбегейлі және түпкілікті шаралар қабылдауға, қарамағындағылар мен өзге де тұлғаларды сыбайлас жемқорлықпен байланысты құқық бұзуға мәжбүрlemeуге, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормаларын бұзу фактілерінің жолын кесуге;

9) сыбайлас жемқорлықпен байланысты құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жоюға;

10) қызметкерлердің өздерінің лауазымдық міндеттерін орындауы барысында туындайтын мүдделер қақтығысын реттеу бойынша уақтылы және оңтайлы шаралар қабылдауға;

11) өзінен лауазымы жоғары не қарамағындағы, сонымен қатар, қызметтік мүддесі немесе тәуелділігі бар адаммен ақшалай немесе өзге де мүліктік сипаттағы құмар ойындарға қатыспауға;

12) жұмысқа қабылданушы немесе жұмыстағы қызметкерлерді құмар ойындарға, есірткі және психотроптық заттарды қолдануға әуестенудің ауыр салдары жайлы ескерту.

VII. Қорытынды ережелер

14. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт бекітілген кезден бастап күшіне енеді.

15. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың талаптарын орындау бойынша жауапкершілік Институттың барлық қызметкерлеріне жүктеледі.

16. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт аясында реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына, Институттың Жарғысы мен ішкі құжаттарына, сонымен қатар, өз құзыреті шегінде белгіленген тәртіппен қабылданған Институттың басшылығының шешімдеріне сәйкес пысықталады.